

Ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМШАРТ

Көкшетау қаласы

«11» қаңтар 2023 жыл

Бұдан әрі «Кітапхана» деп аталатын Көкшетау қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Қалалық ақпараттық кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атынан қолданыстағы Жарғының негізінде әрекет етуші басшысы Серік Сапарұлы Жетпісқалиев бір тараптан және бұдан әрі «Балабақша» деп аталатын «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы «Еркемай» бала бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны атынан қолданыстағы Жарғының негізінде әрекет етуші меңгеруші Сағила Баймырзақовы Байтенова екінші тараптан, бірге атағанда «Тараптар» келесі туралы келісімшарт жасасты:

1. Келісімшарттың мәні

Келісімшарттың мәні тәрбиеленушілердің тәрбиелік және танымдық үдерісін ұйымдастыру, балаларды кітап оқуға баулу мәселелері бойынша өзара қарым-қатынас жасау, балабақша бағдарламаларына қажетті әдебиетті ұсыну, бірлескен ұйымдастырушылық, шығармашылық және өзге де қызмет бойынша тараптардың ынтымақтасуы болып табылады.

2. Тараптардың міндеттемелері

2.1. «Көкшетау қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Қалалық ақпараттық кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Орталық қалалық балалар және жасөспірімдер үлгілі кітапханасының міндеттемесі:

- Балабақшаның пайдаланушыларына ақпараттық, кітапханалық, білім беру, мәдени және бос уақыт, көрме қызметтерін ұсыну;

- Кітапхананың жұмысы, көрсететін қызметтері, мүмкіндіктері туралы ақпараттандыра отырып, білім беру үдерісіне ақпараттық қолдау көрсету;

- Балабақша тәрбиеленушілері мен тәрбиешілерін оқырмандар конференцияларына, таныстырылымдарға, дөңгелек үстелдерге, байқауларға, көрмелерге қатысуға шақыру;

- Балабақша тәрбиеленушілері мен тәрбиешілері үшін кітапхана бойынша экскурсия өткізу;

- Кітапхананың 2023 жылға арналған жоспарына сәйкес тәрбиеленушілер мен тәрбиешілер үшін көшпелі әдістемелік, ағартушылық іс-шараларын өткізуді жүзеге асыру;

- Балабақшамен бірлескен іс-шаралар жоспарын белгіленген мерзімге бекіту.

2.2. Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы «Еркемай» бала бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының міндеттемесі:

- ынтымақтастық жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға жауапты маманды тағайындау;

- жоспарланған іс-шаралардың ақпараттық сүйемелденуін қамтамасыз ету;

- келісілген көшпелі іс-шараларды өткізу үшін Кітапханаға орын-жай және компьютерлік жабдықтарды ұсыну;

- Кітапханамен бірлескен іс-шаралар жоспарын белгіленген мерзімге бекіту.

3. Тараптардың жауапкершілігі

3.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тараптар осы Келісімшарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін дербес жауапкершілікте болады.

3.2. Егер бұл форс-мажор жағдайына байланысты болса, Тараптар осы Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік болмайды.

3.3. Осы Келісімшарт бойынша Тараптар арасындағы даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

4. Келісімшарт әрекетінің мерзімі

4.1. Тараптардың қолдары қойылған күннен бастап осы Келісімшарт күшіне енеді және Тараптардың бірінің бастамасы бойынша тоқтатылғанға дейін күшінде болады.





4.2. Келісімшартқа Тараптардың өкілдері қол қойған жазбаша нысандағы толықтырулар мен өзгертулер енгізілуі мүмкін.

5. Жалпы ережелер

5.1. Жазбаша түрде ұсынылған және екі Тараптың атынан өкілетті адамдардың қолдары қойылғанда ғана, барлық өзгертулер мен толықтырулар жарамды болады.

5.2. Осы Келісімшарт үш данада жасалды.

6. Тараптардың атауы, мекенжайы және қолдары

<p>Атауы: Көкшетау қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Қалалық ақпараттық кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Мекенжайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Потанина көшесі, 53 үй</p> <p>Басшы: Жетпісқалиев Серік Сапарұлы</p> <p>Мөр орны</p>  <p>С. С. Жетпісқалиев</p> 	<p>Атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жапындағы «Еркемай» бала бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Мекенжайы: Байкен Ашимов көшесі, 137 үй</p> <p>Менгерушісі: Байтенова Сағила Баймырзақызы</p> <p>Мөр орны</p>  <p>С. Б. Байтенова</p> 
--	---